

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Нұр-Сұлтан қ.

№6-ДБП

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі, 2020ж. 21.12. № 36/11735 сенімхаты негізінде әрекет ететін Басшысының орынбасары Ескулов Нурлан Абыханович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "ТендерКит-2050" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Син-Чан Василий Анатольевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2021-01-06» жыл № 5284555-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 047-100-149 Өзге де қорларды сатып алу (Эмаль);

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 74 040.00 (жетпіс төрт мың қырық тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 047 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы, 100 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 74 040.00 (жетпіс төрт мың қырық тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2021 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада

келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;
- 6) Тапсырыс беруші қойылған талап бойынша даулы мәселелер болмаған жағдайда Шарттың 7.3. тармағымен қарастырылған тұрақсыздық сомасын алып тастай отырып соңғы төлемді жүргізуге құқылы.
- 7) Төлем жүргізуді 20 (жиырма) банктік күннен артық кешіктіру жеткізілетін Жұмыстың уақытына және сапасына әсер етпейді.
- 8) Қосымша: -Жеткізілген Тауардың көлемі Актау қ. ҚР ҚМ " 25744 әскери бөлімі" РММ-мен (БСН 050 140 014 943) Тапсырыс берушінің өкілі ретінде қабылданады (одан әрі - Қабылдаушы); - Тауарды қабылдау актісіне Өнім беруші мен Қабылдаушының арасында қол қойылады.

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 2 221.20 ((екі мың екі жүз жиырма бір тенге жиырма тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 2 221.20 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі - веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ, № ККМФКЗ2А , КЗ780705012080349001 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) Тауар жиынтығы тиісті деңгейде жеткізілмеген жағдайда Тауардың кемшіліктері анықталғаны туралы актіге қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде Шарттың техникалық сипаттамасына сай Тауарды тиісті деңгейдегі тауар жиынтығымен алмастыру

12) Қабылдаушыға жеткізілген Тауарларды қабылдауды растайтын Шарттың 2.5.т. көрсетілген құжаттарды әрі қарай төлем жасау үшін Тапсырыс берушіге жіберу үшін уақтылы ұсынуға

13) Тапсырыс берушіге электрондық-цифрлық қолтаңбамен веб-портал арқылы тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін жолдамас бұрын оны Қабылдаушымен жазбаша түрде бекіту

14) Тауарды нақты жеткізу кезінде Өнім беруші тауардың шығу тегі мен сапасын растайтын құжаттарды (техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес) ұсынуы тиіс.

15) Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Тапсырыс берушіге төлем жасау үшін Тауардың жеткізілгенін растайтын келесі құжаттарды тапсыру: а) Тауарды қабылдау-тапсыру актісі 2 данада; б) Тауарларды шығаруға арналған жөнелтпе құжат 2 данада; в) шот-фактура

16) Тауардың жеткізілім базисіне нақты жеткізу кезінде Қабылдаушыға келесі құжаттарды тапсыру: а) Жеткізушінің өкіліне деген сенімхат; б) Тауарды 4 данада шығаруға арналған жөнелтпе құжат; в) сәйкестілік сертификаты (егер сатып алынған Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген талаптарға сай Тауар міндетті сертификатталуға жатқызылған жағдайда)

17) Өнім беруші нақты, заңды мекенжайының және банкілік реквизиттерінің өзгеруі туралы 3

- (үш) жұмыс күні ішінде факсимильді байланыс арқылы, алдағы уақытта хаттың түпнұсқасын жолдау арқылы Тапсырыс берушініге хабарландыруға
- 18) Тауарды жеткізу үшін автокөлікті пайдалануды жоспарлау кезінде рұқсат қағазын алу үшін әскери бөлім (мекеме) аймағына кіруге жоспарланатын автокөлік (техникалық төлқұжаттың көшірмесі және т.б.), жүргізушінің және басқа тұлғалардың Т.А.Ә.(жеке куәліктің көшірмесі) бойынша ақпаратты ұсынып алдын ала әскери бөлім (мекеме) басшылығын хабарлап қоюға. Әскери бөлім (мекеме) аймағына кіргенде (шыққанда) жүргізуші бекітілген үлгідегі рұқсат қағазын алуға және қарау жүргізу үшін автокөлікті беруге міндетті
- 19) Тауарды жеткізгенге дейін 10 жұмыс күнінің ішінде Тауарды жеткізу жоспарланған күн туралы алдын-ала Қабылдаушыны хабардар ету
- 20) Тауарды толық немесе жартылай көлемде жеткізу мүмкін болмаған жағдайда Тапсырыс берушіге шұғыл түрде себептерін көрсете отырып және құжаттарды растайтын қосымшасымен бірге жазбаша түрде хабарлама жолдау.
- 21) Нақты, заңдық мекен-жайы және банктік реквизиттері өзгерген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіге көшірмелік байланыспен пошта немесе қолма-қол түрде хабарламаның түп нұсқасын жолдау арқылы мәлімдеу
- 22) Бухгалтерлік есепте Тауардың бағасын көрсету мақсатында Шарттың міндеттемелерін орындау кезде Өнім беруші шарт орындау шеңберінде әкелінген Тауар бойынша бірлік есебін көрсетумен Тауарды жіберуге жүк құжатты (шот-фактураны) Тапсырыс берушіге беруге тиісті
- 23) Тиісті емес сападағы тауарды немесе жиынтықты жеткізген жағдайда 10 (он) күнтізбелік күн ішінде тиісті сапалы тауарға немесе жиынтыққа ауыстырылуын жүзеге асыруға
- 24) Осы Шарттың талаптарын орындау мақсатында өздігінен шикізатқа, қызметке, материалдарға, ыдысқа, көлікке ие болу және өзге де әрекеттерді жасау.
- 25) Тауарды бөлшектеп не толық көлемде жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда немесе Қабылдаушымен тауарды қабылдамағанда дереу оның себептері көрсетілген жазбаша түрде 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде факсимильді байланыс арқылы, алдағы уақытта құжаттың түпнұсқасын, растайтын құжаттарды қосымша жолдау арқылы Тапсырыс берушіні хабарландыруға
- 26) Тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды жеткізу (көрсету, атқару) кезінде мәлім болған қызметтік және басқа ақпаратты жария етпеуге, Жеткізушіден немесе оның қызметкерлерінен бөгде тұлғалармен көрсетілген ақпаратты алуға әрекет жасаған жағдайда ол туралы әскери бөлімнің (мекеменің) басшылығына тез арада хабарлауға.
- 27) Тауарды жеткізуді жоспарлау кезінде жеке куәліктің көшірмесі қосылған азаматтардың (жеткізуші өкілдері) тізімін қосып әскери бөлім (мекеме) басшылығын хабар етуге
- 28) Әскери бөлім (мекеме) аймағына кіргенде қызметкерлер белгіленген үлгідегі рұқсат қағазын алуға міндетті, бақылау-өткізу пункті бойынша кезекшісіне әскери бөлімінің (мекеменің) тізімі бойынша көрсетілген тыйым салынған заттарды, соның ішінде ұялы телефондарды, смарт-сағат (smart-watch), ақпарат тасушы машиналарды (флеш-жинаушы, дискілер және т.б.) тапсыруға міндетті
- 29) Әскери бөлімнің (мекеменің) өткізу тәртібін және әскери бөлім (мекеме) аумағына келу-кету талаптарын сақтауға
- 30) Тауарды жеткізуге шет ел азаматтарын қатыстыру қажеттілігі кезінде белгіленген тәртіпте рұқсаттама алу үшін алдын ала (15 тәуліктен кем емес) әскери бөлім (мекеме) басшылығын хабарлап қоюға
- 31) 3.1-тармақтың 9) тармақшасын орындау үшін. Келісімге веб-портал арқылы берілетін тауарларды қабылдау-өткізу актісіне Қабылдаушының мөрімен бекітілген, Алушы мен Жеткізушінің қолы қойылған, қағаз жүзінде рәсімделген тауарларды қабылдау-тапсыру актісіне қоса беріңіз.
- 32) Тауарды Қабылдаушы қабылдамаған жағдайда Тауар жеткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде Тапсырыс берушіге себептерін көрсете отырып және құжаттарды

растайтын қосымшасымен бірге пошта арқылы немесе қолма-қол жазбаша хабарлама жолдау

3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

- 4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

5) Қабылдаушы атынан жеткізілген Тауарды Шартта көрсетілген мерзімде жеткізген жағдайда 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің мекен-жайына Тауардың жеткізілуі туралы жазбаша растау жолдайды

6) Өнім беруші шартты орындау талаптарын бұзған жағдайда шағым-талап жұмысын ұйымдастыруға

7) Тиісті емес сападағы Тауарларды жеткізгенде Қабылдаушы тапсырыс берушінің өкілі ретінде үш күнтізбелік күн ішінде Өнім берушіні таныстыра отырып, анықталған кемшіліктер туралы 3 (үш) данада акт жасауы қажет. Көрсетілген актілердің бір данасы жасаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің, екіншісін Өнім берушінің мекен-жайына жолдану қажет. Өнім беруші актімен келіспеген (қол қоюдан бас тартқан) жағдайда, үш данада келіспеушілік (бас тарту туралы) актісі жасалады бір данасы Тапсырыс берушінің, екіншісін Өнім берушінің мекен-жайына жолданады

8) Тауарды жеткізу мерзіміне бақылау жүргізуге

9) Қабылдаушы атынан осы Шарттың талаптарына сәйкес, жеткізілген Тауарды қабылдауды қамтамасыз ететін, барлық қажетті әрекеттерді жасауға

10) Егер Қабылдаушыдан қабылдау барысында анықталған жеткізілген Тауардың сапасы мен саны бойынша кемшіліктер мен ақаулықтары туралы хабарландыру алған жағдайда, Өнім берушіден тиісті сападағы Тауарды жеткізуді талап етуге

11) Қабылдаушы атынан Өнім берушімен Тауарлардың жеткізілу мерзімдерін үзу (бұзу) немесе толық жеткізбеу фактілері бойынша 3 (үш) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіні хабарландырады

12) Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-беру актісін тауарларды, жұмыстарды және

қызметтерді жеткізу пунктте тапсырыс берушінің номенклатура, фактілі қолда бары және қабылданатын мүліктің (қабылданатын қызметтің (жұмыстың) сапасына толық жауапты болып табылатын өкілімен ұсынылған құжаттар негізінде бекітеді

13) Қабылдаушы атынан 3 (үш) жұмыс күн ішінде жеткізілген Тауарды куәландыратын құжаттарды (Тауарды қабылдау актісі 2-дана, шот-фактура) төлем үшін Тапсырыс берушінің мекен-жайына жолдауға

14) Шарт бұзу кезінде Өнім берушіге хабарлама жолдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, Қабылдаушыға бұзу туралы хабарламаның көшірмесін жолдауға

15) Тапсырыс беруші Шарттың 3.1 т. 31) т. ескере отырып, тауарды қабылдау актісін вебпортал арқылы бекітеді.

16) Қабылдаушы атынан осы Шартпен анықталған жеткізілген Тауардың көлемі (саны) және де шарттың 3.1.т 16 т. көрсетілген құжаттардың негізінде Тауарды қабылдайды және Өнім берушіге жеткізілген Тауарды растайтын құжаттарды береді (Тауарды қабылдау актісі, және басқа құжаттар)

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

4.6 Қабылдаушы техникалық ерекшелікке сәйкес тауарды толық және бөлек жеткізген

жағдайда, сонымен қатар дұрыс рәсімделген құжаттар болған жағдайда, шарттың 2.4 тармағына сәйкес, 3 (үш) жұмыс күн ішінде тауарды жеткізген кезден бастап, тауардың сапасын, жиынтығын қарау керек, қабылдау-тапсыру актісін рәсімдеу керек.

4.7 Өнім беруші тауарды толық немесе жартылай көлемде уақытылы жеткізбеген уақытта немесе Қабылдаушы жеткізілген тауарды қабылдамағанда, Қабылдаушы 3 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіні жедел жазбаша түрде себептерін көрсетіп хабарлауға міндетті.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 3 (үш);

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

7.9 Ұсынылған талаптан бас тартқан жағдайда Өнім беруші мұндай бас тартудың жағдайларын көрсетумен уәждемелік қарсылықты ұсынуы керек

7.10 Шарттық міндеттемелердің бұзылуы жағдайында, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша түрде шағым-талап жолдайды

7.11 Өнім берушімен жіберілген талапта көрсетілген мерзім ішінде төлем жасалмаған жағдайда және/немесе сот шешімі күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде, Тапсырыс беруші шартты қамтамасыз ету сомасын ұстап қалады және тұрақсыздықты өндіреді

7.12 Шағым-талап жолданған шағым-талапта көрсетілген мерзім ішінде қаралуы тиіс

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2021-12-05 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда

жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.6 Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу базаларындағы әскери бөлімдердің басшылары немесе олардың орын басатын тұлғалар Тапсырыс берушінің өкілі болып саналады

12.7 Осы Шарттың тараптарының екі жақты келісімімен шешілмейтін шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешіледі.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Министрлігінің "47558 әскери бөлімі"
республикалық мемлекеттік мекемесі
г.Нур-Султан, район "Алматы", Манаса 15
БСН 040340012010
БСК ККМФКЗ2А
ЖСК KZ92070101KSN0000000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 8 (7172) 72-19-38, 54-86-25 (по
вопросу счет-фактуры и оплаты: 8 (7172)
72-17-31, 72-17-73, по вопросу поставки
Товара: 8 (7172) 72-14-39)
Басшысының орынбасары Ескулов Нурлан
Абыханович

Өнім беруші:

"ТендерКит-2050" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
г.Нур-Султан, КАНЫШ САТБАЕВ, 18
БСН/ЖСН 200340003333
БСК ALFAKZKA
ЖСК KZ329470398927535089
"Альфа-Банк" Еншілес банкі" АҚ
Тел.: 87015280065
Бас директор Син-Чан Василий
Анатольевич

Абревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 5284555-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
047-100-149 : Өзге де қорларды сатып алу							Өзге де қорларды сатып алу (Эмаль)					
37697609-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Эмаль	НЦ-132	көк бояу, НЦ-132 маркалы эмаль	Килограмм	120	617.00	келісім-шарт күшіне енген кезден бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	келісім-шарт күшіне енген кезден бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Ақтау-Құрық тас жолы, 23 шақырым (120)	0	74 040.00



Договор о государственных закупках товаров

г.Нур-Султан

№6-ДБП

Республиканское государственное учреждение "Войсковая часть 47558" Министерства обороны Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Заместитель руководителя Ескулов Нурлан Абыханович, действующий на основании доверенности № 36/11735 от 21.12.2020 года, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "ТендерКит-2050", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Генеральный директор Син-Чан Василий Анатольевич, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2021-01-06 года № 5284555-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 047-100-149 Приобретение прочих запасов (Эмаль);

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 74 040.00 (семьдесят четыре тысячи сорок тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

